

С. Сейфуллиннің 125 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 15: Жастар, ғылым, технологиялар: жаңа идеялар мен перспективалар» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 15: Молодежь, наука, технологии - новые идеи и перспективы», приуроченной к 125 летию С. Сейфуллина. - 2019. - Т.І, Ч.1 - Б.124-126

ГУМАТ КАЛИДЫҢ ІРІ ҚАРА МАЛДАРДАҒЫ МАСТИТ ЖӘНЕ ЭНДОМЕТРИТ АУРУЛАРЫНЫҢ ҚОЗДЫРҒЫШТАРЫНА ҚАРСЫ АНТИМИКРОБТЫҚ ҚАСИЕТІН АНЫҚТАУ

*Жаркинбекова М. И., Кансейтова Э. Т.,
Курманов Б. А.*

Жұқпалы және инвазиялық аурулармен қоса, мал шаруашылығына экономикалық жағынан орасан зор зиян келтіретін жұқпайтын аурулардың үлесі 50%-дан жоғары көрсеткішті көрсетеді. Мал шаруашылығын өркендетудің негізгі міндетті мал өнімдері бағасын жоғарлату және сиырлардың репродуктивті қызметін белсендіріп мал басын көбейтіп, сапасын жақсарту болып табылады. Сиырларды өндіру қызметі нашарлаған кезде, қысырлық пен бедеулік байқалады, олардың төл әкелуі төмендейды. Қазіргі кезде мал шаруашылығына көп шығын тудыратын, бірқатар аурулар кездеседі, оның ішінде сиырлардың гинекологиялық аурулары үлкен орын алууда. Мал шаруашылығында ет, сүт және тағы да басқа өнімдер өндіру көрсеткіштерін жоғарлату мәселесі, ірі қара малдың аналықтарының биологиялық мүмкіндіктерін қарқынды түрде пайдалану мен табынды ұдайы өсірудің жай-күйіне айтарлықтай шамада тәуелді болып келеді. Табынды ұдайы өсіру сиырдан неғұрлым көбірек төл және сүт өнімдерін алуға мүмкіндік туғызатын, сиырдың ағзасының жыныс мүшелері мен басқа да мүшелерінің қалыпты қызмет етуін дұрыс ұйымдастыру арқылы ғана жүзеге асырылады.

Сиырлардың акушерлік-гинекологиялық патологияларын зерттеген көптеген ғалымдар, бұл патологиялар малды толыққұндыазықтандырмағанда, дұрыс күтіп-бақпағанда, күйіті келген сиырларды уақытылы ұрықтандырмағанда және жыныс мүшелерінің ауруларына шалдыққанда байқалатындығын дәлелдеген. Сәтсіз факторлардың әсерінен аналық малдың жыныс жүйесінде регенеративті, гормоналды, секреторлы және моторлық қызметтердің нашарлауы сияқты өзгерістер байқалып, бұл өзгерістердің арты малдың бедеу және жарамсыз болып қалуына әкеп соғады. Ауыл шаруашылығы кәсіпорындары жыл сайын малдардың жыныс мүшелері ауруларына шалдығу себептеріне байланысты 20%-дан 25%-ға дейін өнімділіктері жоғары сиырларды браққа шығарады. Ол малдардың ішіне асыл тұқымдық қасиеттері жоғары малдар да кіреді [1,2].

Эндометрит ірі қара малдарда өте кең тараған ауру, көбіне төлдегеннен кейін 8-10 күндері пайда болады. Жатырдың кілегей қабығы зақымдалады. Негізгі қоздырушылары аэробты және анаэробты микроорганизмдер:

Escherichia coli, *Enterobacter spp* әртүрлі штамдары, *Enterococcus spp.*, *Proteus spp.*, *Klebsiella spp.*, *Bacteroides spp.*, *Peptostrepto-coccus spp*, т.б болып келеді [3].

Сиырларда жұқпалы желінсаудың (мастит ауруы) қоздырушы — *Str. agalactiae* (*Str. mastitidis*). Көбінесе сауылмалы сиырларда суалу кезінде байқалады. Ауру қоздырғыштары болып стафилококк, стрептококк, диплококк, микрококк бактериялары, микоплазмалар, вирустар мен саңырауқұлақтар табылады [4].

Гумат топырақта гуминді қышқылдардың суда еритін тұздары ретінде пайда болатын табиғи органикалық зат. Олар су-топырақ-өсімдік экожүйесінде және жерде негізгі рөл атқарады. Органикалық қалдықтар тізбегінде кездейсоқ емес өнім және өсімдіктер мен топырақ микроорганизмдерін ұзақ мерзімді трофикалық қатынастарының нәтижесі тірі және жансыз заттар эволюциясының қажетті байланысы. Гуминдік заттар жануарлар ағзасына өте жақсы әсер етеді, оларды жануарлар жиі пайдаланғанда олардың массасы өсіп, иммунитетті жоғарылағаны байқалады және гуминді қышқыл негізіндегі заттар зат алмасу процессін жақсартады. Сонымен қатар гумин қышқылдарының тағы бір қасиетті ол микроорганизмдер пайда болғанда оларды адсорбциялап, асқыну процестерін жоюға әсер етеді. Гуминдік қышқылдар гендік мутацияға ұшыратпайды және оны өз мөлшерінде қолданған жағдайда кері әсер етпейді. Гуматтың босанғаннан кейінгі кезеңінде сиырдың репродуктивті функцияларына оң әсері анықталды. Оның күнделікті 7-8 айлық буаздыққа байланысты алдың алу және төлдегеннен кейінгі асқынулардың деңгейін төмендеткені байқалған [5,6].

Жұмысымыздың мақсатты: 3 түрлі гуматтың (Мамыт, Майкубе, Шубаркүл) ірі қара малдардағы мастит және эндометрит ауруларының қоздырғыштарына антимикробтық қасиетін анықтау.

Жұмыс С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетті микроорганизмдар биотехнологиясы лабораториясында жасалуда. Қажетті материалдар ретінде фермерлік шаруашылықтан әкелінген сынамалар (сүт, жатырдан алынған шырыш және тұяқтардан алынған сынамалар), гуматкалий және қоректік орталар қолданылды.

Жасалынған жұмыс қорытындысы: Қоректік орталар дайындалды, келген сынамалардан себінді жасалды, ондағы микроорганизмдер түрлері анықталды, және анықталатын гуматкалий еритіндісін 1%, 2%, 3%, 4%, 5%, 6% және 10% концентрациясында жасап оларды әрі қарай микроорганизмдерге қарсы қасиеттерін анықтаймыз, қазіргі кезде жұмыс жалғасуда.

Әдебиеттер тізімі

1. Төреханов А.Ә., Каримов Ж.К., Найманов Ш.Д. Ірі қара мал шаруашылығы. 2006 ж, 13-б.

2. Студенцов П.А., Ветеринарное акушерство и гинекология, - М.:Колос,1970,-С.-286.

3. Волкова Д.В., Сулейманов С.М., Михалев В.И. Послеродовой эндометрит у коров, 2011 -. 116с.

4. А.Т. Елеусизова. Ветеринарлық микробиология және вирусология., 2016ж, 59 -б.

5. <https://agronomu.com/bok/2623-gumat-kaliya-sostav-i-primeneniye-udobreniya.html>

6. ekorost.ru/primeneniye-v-zhivotnovodstve/